

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру қорытындылары жөніндегі есептің нысанын бекіту туралы» 2006 жылғы 25 наурыздағы N 75 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 11 желтоқсандағы N 287 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 12 қаңтардағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4509 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 130 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.05.2016 № 130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Инвестициялық қорлардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасы (бұдан әрі - Агенттік) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының "Инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру қорытындылары жөніндегі есептің нысанын бекіту туралы" 2006 жылғы 25 наурыздағы N 75 қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4201 тіркелген) мынадай өзгерістер және толықтырулар енгізілсін:

2-тармақтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру қорытындылары туралы есеп екі данада қағаз тасымалдауышта (мемлекеттік және орыс тілінде) және Acrobat Reader форматындағы электрондық тасымалдауышта (инвестициялық пай қорының пайларының меншік иелері туралы мәліметтерсіз) пайларды орналастыру қорытындылары туралы есепті қарау туралы өтінішпен бірге ұсынылады.";

1 - қосымша да :

Инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру қорытындылары жөніндегі есепте:

10 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:
"1-1) инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру кезеңінің басталу
және аяқталу күні _____

";

2) тармақша "бұрынғы орналастырылған пайларды ескере отырып," деген
сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) есепті кезенде инвестициялық пай қорының пайларын төлеуге түскен,
есепті кезенде орналастырылған пайларды төлеуге ақшаның түскендігі туралы
кастодиан анықтамасымен расталған ақша сомасы

";

11 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Есепті кезенде басқарушы компаниядан пайларды сатып алған, әрбір
меншік иесі бөлігінде инвестициялық пай қоры пайларының меншік иелері
туралы мәліметтер:";

kestенің екінші бағанындағы "және нақты орналасқан жерін көрсете отырып"
деген сөздер алып тасталсын;

12-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Есептің әрбір данасы есепті кезеңінде аяқталған күнінде жасалған,
орналастырылған пайлардың есебі бойынша инвестициялық пай қорының жеке
шотынан тіркеуши үзіндісінің және есепті кезенде орналастырылған пайларды
төлеуге ақшаның түскендігін растау туралы кастодиан анықтамасының
көшірмесімен бірге тігіледі және жіптің түйініне әрі ішінара паракқа желімделген
қағаз пломбамен бекітіледі."

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа
енгізіледі.

3. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетакы
қорларын қадағалау департаменті (Хаджиева М.Ж.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан
Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу
ш а р а л а р ы н қ о л ғ а а л с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден
өткен күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мұдделі

бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастыры" қауымдастық нысанындағы Занды тұлғалар бірлестігіне, сауда-саттықты ұйымдастырушысына жіберсін.

4. Агенттіктің Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Təraғa

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК